

Илья Кириченко — Алматы қаласының адвокаттар алқасының адвокаты, сот және арбитраждық дауларға, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі мен экономикалық құқық бұзушылықтарға, корпоративтік құқық пен авторлық құқыққа маманданған.

"Legit" адвокаттық кеңсесінің басқарушы серіктесі.

Кириченко мырзаның тәжірибесі корпоративтік, коммерциялық, салықтық мәселелерді, шарттық даулар бойынша сот істерін және арбитражды қамтиды. 7 жыл бойы ол ірі жарнама холдингіне жарнамалық материалдардағы кейбір элементтерді пайдаланудың заңдылығы, авторлық құқық және сабақтас құқықтар мәселелері, сондай-ақ сыртқы экономикалық мәмілелер бойынша кеңес берді. Сондай-ақ, экономикалық қылмыстарға қатысты қылмыстық істер бойынша да тәжірибесі бар. Спорттық құқық саласында да жұмыс тәжірибесі бар.

Жеке практикасын бастамас бұрын Кириченко мырза заң департаменттерінің басшысы, сондай-ақ ұйымдарда жетекші лауазымдарды атқарған. Жалпы жұмыс өтілі — 16 жыл.

Қазақстан халықаралық арбитражында және IAC Халықаралық арбитраж сотында төреші болып табылады.

### **Көрнекті істері:**

- Белгілі музыкалық орындаушының бейнелерін заңсыз пайдаланды деген айыппен халықаралық промоутерлік компаниямен дауда ірі қазақстандық жарнама холдингін қорғаған.
- Қонақүй кешенін салу барысында құрылыс мердігерімен дауда инвестордың мүдделерін қорғаған.
- Еуропалық ірі өндірушінің бөлігі болып табылатын қазақстандық ұйымның шетелдік қатысушысының атқарушы органының әрекеттерін заңсыз деп тану бойынша істерді қорғаған.
- Халықаралық ірі жарнама агенттіктерімен жергілікті жарнама компанияларының франчайзинг мәмілелерін жүргізген.
- Қазақстанның ММА аралас жекпе-жек федерациясын халықаралық IMMAF федерациясына тұрақты мүше ретінде қосу және Қазақстан Республикасының аумағында әлем және Азия чемпионаттарын өткізу мәмілесін жүргізген.
- Салық дауларында компаниялардың мүдделерін (сотқа дейінгі де, сот ісін жүргізуде де) қорғаған.
- Шетелдік инвестордың мүдделерін AIFC Court-та қорғаған.

### **Қылмыстық істер:**

- Ұйымдардың салық төлеуден жалтаруымен байланысты қылмыстық істерді жүргізген. Олардың көпшілігі сотқа дейінгі тергеу кезеңінде тоқтатылған.
- Жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды жеткізбей шот-фактура жазу әрекеттерімен байланысты қылмыстық істерді жүргізген. Соңғы іске сот ісін жүргізу кезеңінде қатысып, нәтижесінде шартты түрде бас бостандығынан айыру және бостандығынан айырмайтын жазалар тағайындалған айыптау үкімі шығарылған.
- Қазақстандық ұйымның шетелдік қатысушысының мүдделерін рейдерлік фактісі бойынша қылмыстық іс аясында қорғаған.
- Қасақана жалған сәйкестендіру нөмірі бар көлікті сатумен байланысты қылмыстық істі жүргізген, ол Интерпол желісі бойынша іздеуде болған. Нәтижесінде қылмыстық іс тоқтатылған.

### **Мемлекеттік органдармен даулар:**

- ММА аралас жекпе-жектің Қазақстан Республикасында спорт түрі ретінде танылуын қамтамасыз еткен.
- Салықтық тексерулер актілеріне бірнеше рет шағым жасаған.
- Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы дауда жеке инвестордың мүдделерін қорғаған.

### **Білімі:**

- Құқық академиясы - «Әділет» жоғары құқық мектебі: заңгер дипломы, 2008 ж.
- Адвокаттық дағдылар курсы – Америка адвокаттар қауымдастығы.
- SAL Program by Chicago Illinois Tech.

### **Заңгерлік тәжірибеге рұқсат / біліктілігі:**

- Қазақстан Республикасы, адвокат ретінде, лицензия № 21013425.